Әдістемелік ұсынымдарға 15 қосымша

Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау құрылымы

№	Өзін-өзі бағалау бөлімдері	Өзін-өзі бағалау мазмұны	Өзін-өзі бағалау материалдары	
1	**Жалпы сипаттағы критерийлер**	**1.** Білім беру ұйымының атауы, орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан мекенжайы). Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, веб-сайт). Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә. және лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың деректері). Білім беру қызметін жүзеге асыру құқығын беретін құрылтай және рұқсат беру құжаттарының болуы және олардың Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» және «Білім туралы» заңдарының талаптарына сәйкестігі. **2.** Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуге міндетті құжаттардың тізбесіне және олардың нысандарына сәйкес әзірленіп, бекітілген қызмет бағыттары бойынша жұмыс жоспарының болуы және іске асырылуы (ҚР БҒМ-нің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы). **3.** Білім беру ұйымы басшысының ҚР БҒМ-нің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен бекітілген педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкестігі. **4.** Алқалы органдардың (педагогикалық кеңес, қамқоршылық кеңес, әдістемелік кеңес және педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес) қызметін растайтын бекітілген жұмыс жоспарлары мен отырыс хаттамаларының болуы. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтік кеңесінің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы	Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама. Басшыны лауазымға тағайындау туралы бұйрық. Білім беру ұйымының жарғысы. Ішкі тәртіп қағидалары. Білім беру қызметіне лицензияның және мамандықтар бойынша лицензияға қосымшалардың болуы. Оқу жылына арналған қызмет бағыттары бойынша жұмыс жоспары. Жоспар тармақтарының орындалуын растайтын материалдар. Басшының біліміне, еңбек өтіліне және біліктілік санатына сәйкестігін растайтын құжаттар. Педагогикалық, қамқоршылық, әдістемелік кеңестердің және педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарлары, құрамын бекіту туралы бұйрықтар, хаттамалар мен материалдар.	eGov.kz электрондық үкімет порталы. «Е-лицензиялау» порталы. Ресми интернет-ресурста орналастырылады.

		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 24 қазандағы N 506 Бұйрығы. (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 9 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4993 болып енгізілген). Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібінің үлгілік ережелерінің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15584 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 253 бұйрығымен бекітілген Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидалары. .(нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33285 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығымен бекітілген Педагогикалық этика қағидаларын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20619 болып тіркелген)		
2	**Кадрлық әлеуетті талдау**	**1.** Дайындалатын мамандықтың жұмыс оқу жоспары пәндері мен (немесе) модульдеріне сәйкес педагогтердің болуы, олардың білімінің оқытылатын пәндерге (модульдерге) сәйкестігі немесе педагогикалық қайта даярлаудан өтуі. "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына сәйкес	Педагог кадрлармен жасақталу туралы мәліметтер. Әдістемелік ұсынымдардың 16-қосымшасына сәйкес кесте. Штаттық кесте. Тарифтеу тізімі. Педагогтер мен басшының біліктілік санатын арттырудың перспективалық жоспары. Біліктілікті арттырудың перспективалық жоспары.	Ресми интернет-ресурста орналастырылады.

		2. Біліктілік санатын бес жылда кемінде бір рет (басшылар үшін үш жылда кемінде бір рет) арттыратын немесе растайтын педагогтердің үлесі. **3.** Үш жылда кемінде бір рет біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтердің, басшылардың және олардың орынбасарларының үлесі. **4.** Негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагогтер мен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесінің біліктілік талаптарына сәйкестігі. **5.** Өнер және мәдениет саласындағы білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардағы негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагогтердің үлесінің сәйкестігі. **6.** Педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің және (немесе) магистр, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор, ғылым докторы, ғылым кандидаты дәрежесі бар тұлғалардың үлесінің сәйкестігі. **7.** Арнайы пәндер педагогтері мен өндірістік оқыту шеберлерінің соңғы 3 жылда кемінде 36 сағат көлемінде тағылымдамадан өту үлесінің сәйкестігі.		
3	**Білім алушылар контингентіне қойылатын критерийлер**	**1.** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібінің сақталуы (ҚР БҒМ-нің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйрығы). **2.** Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау тәртібінің сақталуы (ҚР БҒМ-нің 2015 жылғы 20 қаңтардағы №19 бұйрығы). **3.** Академиялық демалыс беру тәртібінің сақталуы (ҚР БҒМ-нің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №506 бұйрығы).	Оқу жылына арналған білім алушылар контингенті туралы мәліметтер. Қабылдау комиссиясын құру және оқуға қабылдау туралы бұйрықтар. Өтініштер, растайтын құжаттар, бұйрықтар.	Ресми интернет-ресурста орналастырылады
4	**Оқу-әдістемелік жұмысқа қойылатын критерийлер**	**1.** Оқыту нәтижелеріне бағдарланған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мазмұнының МЖМБС талаптарына сәйкестігі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №	Білім беру бағдарламалары, жұмыс оқу жоспарлары, жұмыс оқу бағдарламалары, оқу процесінің кестесі.	Ресми интернет-ресурста орналастырылады

		348 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі – МЖМБС). **2.** Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сақталуы МЖМБС талаптарына сәйкестігі. **3.** Білім алушыларды даярлау деңгейіне қойылатын талаптардың сақталуы МЖМБС талаптарына сәйкестігі. **4.** Оқу мерзімдеріне қойылатын талаптардың сақталуы МЖМБС талаптарына сәйкестігі. **5.** Қашықтан оқытуды ұйымдастырудың белгіленген қағидаларға сәйкестігі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 27 қарашадағы № 349 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33682 болып тіркелген)	Бекітілген сабақ кестесі. Аралық және қорытынды аттестаттау материалдары. Қашықтан оқытуды ұйымдастыру материалдары (бұйрықтар, бағдарламалық қамтамасыз ету, оқыту нәтижелерін есепке алу).	
5	**Тәрбие жұмысына қойылатын критерийлер**	**1.** «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасына сәйкес тәрбие жұмысының жылдық жоспарының болуы және бекітілуі. білім алушылардың азаматтығын, патриотизмін, рухани-адамгершілік құндылықтарын және тұлғалық мәдениетін қалыптастыру міндеттеріне сәйкес келуі. **2.** . Білім алушылардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) өзара іс-қимыл жасау талаптарын сақтау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығымен бекітілген үлгілік шартқа сәйкес білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттардың болуы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13227 болып тіркелген). **3.** Білім алушылардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған профилактикалық жұмыстың жүргізілуі.	Тәрбие жұмысының жылдық жоспары. Ата-аналармен жасалған шарттар, өзара іс-қимылды растайтын құжаттар. Өткізілген іс-шаралардың материалдары.	
6	**Материалдық-техникалық қамтамасыз**	**1.** Біліктілік талаптарына сәйкес білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы.	Медициналық қызметке лицензия немесе медициналық ұйыммен жасалған шарт.	Ресми интернет-ресурста орналастырылады

	етуге қойылатын критерийлер	**2.** Біліктілік талаптарына сәйкес тамақтандыру объектісінің және білім алушыларды тамақтандыру жағдайларының болуы. **3.** Біліктілік талаптарына сәйкес білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ететін ғимараттардың, үй-жайлардың, оқу кабинеттерінің, зертханалардың және шеберханалардың болуы. **4.** Біліктілік талаптарына сәйкес объектілердің санитариялық-эпидемиологиялық және өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі. **5.** Бейнебақылау жүйесінің және қауіпсіздік жағдайларының болуы. **6.** Біліктілік талаптарына сәйкес студенттердің тұруына жағдай жасау, сеншігінде немесе жедел басқару, сенімгерлік басқару, шаруашылық жүргізу құқығында жатақханалардың, хостелдердің немесе қонақүйлердің болуы. **7.** Біліктілік талаптарына сәйкес дайындайтын мамандықтар бойынша оқу-зертханалық жабдықтардың, компьютерлік сыныптардың, интернетке қосылған компьютерлердің және жиһаздардың болуы, жабдықталуы.	Тамақтандыруды ұйымдастыру туралы шарт және (немесе) тамақтандыру объектісіне санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды. Материалдық-техникалық база туралы мәліметтер. Рұқсат беру құжаттары. Бейнебақылау жүйесі, өткізу режимі, күзет бекеті, дабыл түймесі туралы мәліметтер. Әдістемелік ұсынымдардың 18-қосымшасына сәйкес кесте.	
7	**Оқу-әдістемелік және ақпараттық ресурстарға қойылатын критерийлер**	**1.** Жұмыс оқу жоспарларына және білім алушылар контингентіне сәйкес келетін және біліктілік талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген мамандықтар бойынша толық оқу мерзімін қамтамасыз ететін оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы. **2.** Білім беру ақпараттық жүйелеріндегі деректердің өзектілігі және олардың нақты деректерге сәйкестігі. **3.** edu.kz домендік аймағында тіркелген ресми интернет-ресурстың болуы.	Әдістемелік ұсынымдардың 19-қосымшасына сәйкес әдебиет қоры туралы мәліметтер. Ресми интернет-ресурс.	Ресми интернет-ресурста орналастырылады

		4. Біліктілік талаптарына сәйкес білім алушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларға және білім беру ресурстарына қол жеткізуінің қамтамасыз етілуі.		
8	**Өндірістік және кәсіптік практиканы ұйымдастыруға қойылатын критерийлер**	**1.** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 12 қаңтардағы № 9 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және кәсіпорындарды (ұйымдарды) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін практика базасы ретінде айқындау қағидаларына сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында кәсіптік практиканы және өндірістік оқытуды ұйымдастыру және өткізу тәртібін сақтау. **2.**Біліктілік талаптарына сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандық бойынша оқытудың толық кезеңін қамтитын практика базалары болып табылатын ұйымдармен жасалған шарттардың болуы. **3.** Біліктілік талаптары негізінде дуальды оқытуды ұйымдастыру туралы шарттардың болуы. **4.** Теориялық оқыту мен өндірістік оқытуды ұштастыратын дуальды оқыту элементтері бар білім беру бағдарламаларының болуы және іске асырылуы. Мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес жалпы кәсіптік, арнайы пәндер және (немесе) негізгі, кәсіптік білім беру модульдері бойынша оқу уақытының кемінде 60 %-ы көлемінде кәсіпорында (ұйымда) кәсіптік практика нысанында білім беру ұйымдарында теориялық оқытуды және өндірістік оқытуды көздейтін дуальды оқытуды пайдалана отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларының болуы және іске асырылуы	Білім алушылар контингенті туралы мәліметтер. Практика бағдарламалары мен жоспарлары. Практика базаларымен жасалған шарттар. Дуальды оқыту шарттары.	Ресми интернет-ресурста орналастырылады

		5. Түлектерді жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту көрсеткіштерінің біліктілік талаптарына сәйкестігі. Білім беру ұйымы түлектерінің өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасу көрсеткіштерінің сәйкестігі, бұл ретте оқу орнын аяқтаған жылы мамандығы бойынша түлектердің жалпы санынан жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі біліктілік талаптарына сәйкес болуы тиіс.		